

**NASEC**


НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ  
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫШ АРУАШЫЛЫҒЫ  
МИНИСТРЛІГІ



Ы. ЖАҚАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ  
КҮРІШ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМ  
ӘРТІКҮ БІЛІМ АУЫМЫ



ҚЫЗЫЛОРДА БІЛІМ ТАРАҒҮ ОРТАЛЫҒЫ  
ЦЕНТР РАСПРОСТРАНЕНИЯ ЗНАНИЙ


## ЖҮРГІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

тақырыбы: «Су тапшылығы жағдайында егіс құрылымын оңтайландыру  
және ылғалды аз қажет ететін дақылдарды енгізу мәселелері»  
«Мал азығы өндірісі» бағыты бойынша

Өткізу күні:


«25» маусым 2025 жыл

Кеңес беру өткізілген орын: Қызылорда қаласы, Қарауылтөбе ауылы,  
«Асылжан» ШҚ

Эксперт:  Тоқтамысов Ә.М.

(қолы)

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ-ның  
Басқарма Төрағасы



қолы, М.О.



## Есептің құрылымы

Су тапшылығы жағдайында егіс құрылымын оңтайландыру және көпжылдық шөптердің өнімділігін арттыру жолдары

### *1) Кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері*

Қызылорда өңірінде соңғы жылдары байқалып отырған су тапшылығы жағдайында ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығын сақтау және өнімділікті төмендетпеу өзекті мәселеге айналып отыр. Атап айтқанда:

- Суды көп қажет ететін күріш дақылының егіс көлемінің шамадан тыс болуы;
- Күріш ауыспалы егіс жүйесінде ылғалды аз қажет ететін дақылдардың үлесінің жеткіліксіздігі;
- Көпжылдық шөптер, соның ішінде түйе жоңышқа тұқымдарының өңгіштігінің төмен болуы;
- Тұқым себу алдындағы агротехникалық және биологиялық өңдеу шараларының жеткіліксіз қолданылуы.

Аталған мәселелер су ресурстарын тиімсіз пайдалануға, егіс алқаптарының өнімділігінің төмендеуіне және шаруашылықтардың экономикалық тиімділігінің азаюына әкелуі мүмкін.

### *2) Қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары*

Су тапшылығы жағдайында агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қызметін жақсарту мақсатында келесі кешенді ұсыныстар беріледі:

**Біріншіден**, күріш ауыспалы егісінде күріш дақылының үлесін қысқарту қажет. 2025 жылғы деректер бойынша Қызылорда облысында күріш 85 мың гектарға егілген. Ғылыми негізделген ұсыныстарға сәйкес:

- оңтүстік аудандарда күріштің үлесін 37,5 %-ға дейін;
- солтүстік аудандарда 50 %-ға дейін төмендету орынды.

**Екіншіден**, күріштің орнына ылғалды аз қажет ететін дақылдарды енгізу ұсынылады. Атап айтқанда: арпа, бидай, судан шөбі, сорго және түйе жоңышқа. Бұл дақылдар су үнемдеумен қатар, мал азығы қорын нығайтуға және топырақ құнарлылығын арттыруға мүмкіндік береді.

**Үшіншіден**, көпжылдық шөптерді, әсіресе түйе жоңышқаны себу кезінде тұқым сапасына ерекше көңіл бөлу қажет. Түйе жоңышқа тұқымдарының қабығы қатты болғандықтан, міндетті түрде скарификация жүргізілуі тиіс. Бұл шара орындалмаған жағдайда тұқымдардың 50–60 пайызы өнбей қалуы мүмкін.

**Төртіншіден**, тұқымдарды себер алдында биологиялық препараттармен өңдеу ұсынылады. Алматы қаласындағы Микробиология және вирусология институты ғалымдарымен бірлесе отырып қолданылған фитобактерин және платобактерин препараттары тұқымның өңгіштігін

арттырып, бастапқы өсу кезеңін жақсартатыны тәжірибе жүзінде дәлелденді. Аталған технология шаруашылықтарға көрсетіліп, оң нәтиже берген.

### *3) Ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже*

Ұсынылған шараларды агроөнеркәсіптік кешен субъектілері толық енгізген жағдайда келесі нәтижелер күтіледі:

- Күріш егісінің қысқаруы есебінен су тұтыну көлемі **30–40 %-ға дейін төмендейді;**

- Ылғалды аз қажет ететін дақылдарды енгізу арқылы егіс алқаптарының жалпы өнімділігі **15–20 %-ға артады;**

- Түйе жоңышқа тұқымдарын скарификациялау және биологиялық препараттармен өңдеу нәтижесінде өңгіштік деңгейі **40–50 %-дан 80–90 %-ға дейін көтеріледі;**

- Мал азықтық дақылдардың көлемі ұлғайып, бір гектардан алынатын құрғақ зат өнімі **20–25 %-ға артады;**

- Су, тұқым және еңбек шығындарының азаюы есебінен шаруашылықтардың өндірістік шығындары **10–15 %-ға қысқарады.**

Жалпы алғанда, ұсыныстарды жүйелі түрде қолдану су ресурстарын үнемдеуге, егіс құрылымын ғылыми негізде оңтайландыруға және Қызылорда өңіріндегі ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



